

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 66 жылдығына орай соғыс ардагерлері мен соғыста қаза тапқан жауынгерлер жесірлеріне біржолғы материалдық көмек төлеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы N 98 қаулысы. Атырау облысының Исатай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 15 шілдеде № 4-4-183 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 90 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012.05.21. № 90 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабын, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 66 жылдық мереке құрметіне аудандағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен соғыста қаза тапқан жауынгерлер жесірлеріне жергілікті бюджеттен 100,0 (жүз мың) теңгеден біржолғы материалдық көмек төленсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тиісті санаттағы адамдарға жергілікті бюджеттен бөлінген материалдық көмегін белгілеу және төлеу шаралары жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 66 "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай соғыс және тыл еңбеккерлері мен жесірлерге жергілікті бюджет есебінен төленетін бір жолғы материалдық көмек төлеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-4-162 болып тіркеліп, 2010 жылдың 3 маусымында № 23 (3455) аудандық "Нарын таңы" газетінде жарияланған) күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке тапсырылсын.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қарабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ